

Кең таралған пайдалы қазбалардың Тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 мамырдағы N 645 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 397 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Z 1 0 0 2 9 1

қ а р а ң ы з

1. Кең таралған пайдалы қазбалардың тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Облыстардың әкімдері кең таралған пайдалы қазбалардыкоммерциялық мақсатта өндіруге лицензия әзірлеу және беру кезіндеаталған Тізбені б а с ш ы л ы қ қ а а л с ы н .

3. Жер қойнауын пайдаланушылармен контракт жасау және орындаужөніндегі құзыретті органдар кең таралған пайдалы қазбалардыкоммерциялық мақсатта өндіруге контрактілерді әзірлеуді және оларғақол қою мен орындауды қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 27 мамырдағы

N 645 қаулысымен

бекітілген

Кең таралған пайдалы қазбалардың

Тізбесі

Жанартаулық кеуекті жыныстар (туф, шлак, пемза)

Жанартаулық құрамында су бар шынылар, шыны тәріздес жыныстар
(перлит, обсидиан)

Галька және гравий, гравийлі-құмды қоспа

Құрамында глинозем бар жыныстар (далалық шпат, пегматит)

Гипс, гипсті тас, ангидрит, гажа

Құрамында жыныстар бар глинозем (отқа төзімді, балқуы қиын және тез балқитын саздар, суглинка, аргиллиттер, алевролиттер, сазды тақта тастар, каолин)

Карбонатты жыныстар (ізбесті тас, доломиттер, әк тасты-доломитті жыныстар, бор, мергель, мергель-борлы жыныстар)

Кремнийлі жыныстар (трепел, опока, диатомит)

Кварцты-далалық шпатты жыныстар

Бут тастар

Тұнба, жанартау атқылаудан және метаморфалық жыныстар (гранит, базальт, диабаз, мрамор)

Құм (құрылыстық, кварцты, кварцты-далалық шпатты)

Құмдақ

Табиғи пигмент

Ұлутас

Ас тұзы